

Қазақстан Республикасының халықаралық авиамаршруттарында шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты рейстерінің кестелерін бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің 2010 жылғы 13 тамыздағы N 363 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылғы 8 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6462 болып енгізілді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 23.08.2013 № 652 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 23) тармақшасына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының халықаралық авиамаршруттарында шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты рейстердің кестелерін бекіту жөніндегі нұсқаулық бекітілсін

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 23.08.2013 № 652 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2 . М ы н а л а р д ы ң :

1) «Қазақстан Республикасының ішкі және халықаралық авиабағыттарындағы тұрақты рейстердің кестелерін бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2002 жылғы 16 тамыздағы № 672 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1955 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2002 ж. № 39, 705-құжат);

2) «Қазақстан Республикасының ішкі және халықаралық авиабағыттарындағы тұрақты рейстердің кестелерін бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2002 жылғы 16 тамыздағы № 672 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2008 жылғы 6 қазандағы № 459 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5345 болып тіркелген, 2008 жылғы 15 қарашада № 11 Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық

мемлекеттік органдарының актілер жинағы жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ө. Әдимолда) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Е. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Д. Көтербеков

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К ө л і к ж әне

к о м м у н и к а ц и я

м и н и с т р і

м і н д е т і н

а т қ а р у ш ы н ы ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 3

т а м ы з д ғ ы

№

4 4 6

б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының халықаралық авиамаршруттарында шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты рейстерінің кестелерін бекіту жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 23.08.2013 № 652 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының халықаралық авиамаршруттарында шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты рейстерінің кестелерін бекіту нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшуды орындайтын әуе кемелерінің шетелдік авиакомпанияларының тұрақты ұшу кестелерін бекіту рәсімін нақтылайды

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 23.08.2013 № 652 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) аэронавигациялық ұйым – әуе қозғалысына қызмет көрсетуді және әуе кемесінің бортына қажетті метеорологиялық ақпарат беруді, әуе кеңістігін пайдаланушыларды аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз етуді және радиотехникалық жабдық пен

байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын азаматтық авиация ұйымы;

2) уақыт аралығы (слот) – әуежайда авиакомпания әуе кемесінің белгілі бір күні немесе кезеңде келу немесе жөнелу операцияларын орындау үшін бөлінген уақыт;

3) «тарихи слот» - өткен эквиваленттік кезеңде кестеге енгізілген слот;

4) тұрақты ұшу параметрлері - әуе кемесінің әуежайға келу немесе жөнелу күнін, уақытын, орындау кезеңін, әуе кемесінің үлгісі мен жолаушы сыйымдылығын қамтитын тұрақты ұшу кестесінің параметрлері.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 23.08.2013 № 652 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің (бұдан әрі - Комитет) бекітуіне мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының халықаралық авиамаршруттарындағы шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты рейстерінің кестелері;

2) Қазақстан Республикасы аумағы арқылы қонбастан шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты рейстерінің кестесі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 23.08.2013 № 652 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Кестені жасау мен бекітудің міндеттері:

1) алынып тасталды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 23.08.2013 № 652 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) әуе кеңістігінде және әуежайларда тұрақты ұшуды қауіпсіз орындау жағдайларын жоспарлау;

3) коммерциялық және техникалық қызметті ұйымдастыру үшін тұтынушыларға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету;

4) жоспарланған ұшуларды орындау үшін қажетті материалдық ресурстарды есептеу болып табылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 23.08.2013 № 652 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Тұрақты ұшудың кестесін жасау, бекіту мен түзету дүниежүзілік үйлестірілген уақытта (UTC) жүзеге асырылады.

2-тарау. Тұрақты ұшу кестесін бекіту

6. Авиакомпания тұрақты ұшу кестесін "Жаз" және "Қыс" деп аталатын екі маусымға әзірлейді. Жазғы және қысқы маусымдық кестелердің қолданылу мерзімі

Халықаралық әуе көлігі қауымдастығы (ИАТА) белгілеген мерзімдерге сәйкес келеді:

"Жаз" - наурыздың соңғы жексенбісі - қазанның соңғы сенбісі;

"Қыс" - қазанның соңғы жексенбісі - наурыздың соңғы сенбісі.

7. Кестені жасау кезінде тұрақты ұшу параметрлері Қазақстан Республикасының әуе қатынасы туралы халықаралық шартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 23.08.2013 № 652 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Шетелдік авиатасымалдаушы ұшу басталғанға дейін күнтізбелік 45 күн бұрын Комитетке мынадай құжаттарды ұсынады:

1) толтырылған «Р» нысаны (осы Нұсқаулыққа 1-қосымша) және 4 данада ұшудың қайталанатын жоспарларының тізбесі (осы Нұсқаулыққа 2-қосымша);

2) тұрақты ұшу авиамаршруты бойынша ұшып шығу және қону әуежайларымен келісілген слоттар;

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 23.08.2013 № 652 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-1. Шетелдік авиатасымалдаушы Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қонбай тұрақты ұшулардың басталуына дейін күнтізбелік 15 күнде қайталанатын ұшу жоспарларының тізбесін аэронавигациялық ұйымға ұсынады (осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасы).

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қонбай тұрақты ұшулардың орындалуына қайталанатын ұшу жоспарларының тізбесі аэронавигациялық ұйымға бекіту туралы хабарлама беру арқылы Комитеттің бекітуіне жатады.

Ескерту. Нұсқаулық 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 23.08.2013 № 652 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Қазақстан Республикасының әуежайы авиакомпаниядан сұраныс түскеннен кейін үш күнтізбелік күн ішінде авиакомпаниялардың тұрақты рейстерін орындау үшін слоттарды келіседі немесе бас тартудың себептері жөнінде жазбаша негіздеме және баламалы слоттар туралы ұсыныс береді. Бағыт параметрлерінде көрсетілген Қазақстан Республикасының әуежайы авиакомпания сұраған тарихи слоттарды басымдық тәртібімен растайды.

10. Комитет құжаттарды алған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде кейін оларды авиакомпанияларға және аэронавигациялық ұйымға беру арқылы «Р» нысанын карауды және бекітуді жүргізеді, немесе осы Нұсқаулықтың 11-тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша құжаттарды алған күннен бастап 5 жұмыс күн ішінде жазбаша дәлелді бас тарту жібереді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің

23.08.2013 № 652 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Тұрақты ұшу кестесінің нысандарын бекітуден бас тарту негіздері:

1) Әуе қатынасы туралы үкіметаралық келісімдердің шарттарына кестенің сәйкес к е л м е у і ;

2) алып тасталды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.03.25 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.03.25 № 167 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

12. Авиакомпания авиамаршруттың кестесіне өзгерістер енгізу кезінде Комитетке осы Нұсқаулықтың 8-тармағының 2) тармақшасын ескере отырып, ұшуға дейін 3 күн бұрын кестені ұсынады.

3-тарау. Қорытынды ережелер

13. Авиамаршрутқа арналған куәлікті қайтарып алу немесе күшін тоқтата тұру жағдайында немесе авиакомпанияның өтінімі бойынша Комитет авиамаршрут бойынша тұрақты ұшудың бекітілген кестесінің күшін жояды.

14. Бұрын күші жойылған тұрақты ұшуларды орындауды қайта жаңғырту осы Нұсқаулықтың 7 және 8-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының халықаралық
авиамаршруттарындағы тұрақты
рейстердің кестелерін бекіту
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 23.08.2013 № 652 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Р» нысаны

« Б е к і т е м і н »

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация министрлігі

Азаматтық авиация комитетінің төрағасы

_____ (Т.А.Ә.)

20 __жылғы «__» _____

_____ навигация кезеңінде _____ авиакомпаниясының рейстерді орындау графигі

№	ХААҰ коды және рейс нөмірлері	Орындау кезеңі		Апта күндері							Маршруты (әуежай атауы, УТЦ уақыты)	Ескертпе
		ггммдд	ггммдд	1	2	3	4	5	6	7		
№	Коммерциялық құқығы бар учаскелер	"тоқта-овер" құқығы бар пункттер				Техникалық қону пункттері				Құрастыру		ӘК үлгісі

Авиакомпания
немесе
еткен тұлға
Қазақстан
халықаралық
авиамаршруттарындағы
рейстердің
жөніндегі
2-қосымша

Т.А.Ә. МО
Республикасының
Республикасының
кестелерін
нұсқаулыққа

басшысы
уәкілеттік
тұрақты
бекіту

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 23.08.2013 № 652 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұшудың қайталанатын жоспарларының тізбесі (RPL)

Пайдаланушы									Адресаты(тар)					
+ - 	(ж.а.к.) жарамды	(ж.а.к.) бойынша жарамды	Ұшу күндері							ӘК таным индексі	ӘК үлгісі және іздің турбулентті санаты		Әуеайлақ және ұшу уақыты	
			1	2	3	4	5	6	7					
Ұшу әуеайлақтары									ж.а.к. күні		Сериялық		Парақ	
									Қосымша деректер					
Крейсер Маршруты									Әуеайлақты белгілеу және біткен уақыт				Ескертпе	
Жылдамдық		Эшелон			Маршрут									

--	--	--	--	--	--

RPL жасауға жауапты тұлғаның _____ Т.А.Ә. МО

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК